# 2012 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1339 Қаулысы

«Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 7 мамырдағы № 321 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштері осы қаулыға қосымшаға сәйкес түзетілсін.

2. «2012 – 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1428 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

«2012 жыл» деген бағанда:

«Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалар» деген I бөлімде:

«Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану» деген 9-функционалдық топта:

«233 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі» деген жолдағы «1 989 869» деген сандар «0» деген санмен ауыстырылсын;

«047 Ядролық медицина және биофизика орталығын құру» бағдарламасындағы «1 410 600» деген сандар «0» деген санмен ауыстырылсын;

«Ядролық медицина және биофизика орталығын құру» деген жолдағы «1 410 600» деген сандар «0» деген санмен ауыстырылсын;

«049 «Бурабай» геофизикалық обсерваториясын көшіру» бағдарламасындағы «579 269» деген сандар «0» деген санмен ауыстырылсын;

«Бурабай» геофизикалық обсерваториясын жаңа жерге көшіру» деген жолдағы «579 269» деген сандар «0» деген санмен ауыстырылсын;

«Бурабай» геофизикалық обсерваториясын жаңа жерге көшіру» 579 269 27 000 » деген жолдан кейін әкімшімен және мынадай мазмұндағы 007, 008 бағдарламалармен толықтырылсын:

«

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 697 | | | Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі | 1 989 869 | | |
| | | 007 | | Ядролық медицина және биофизика орталығын құру | 1 410 600 | | |
| | | | | *оның ішінде инвестициялық жобаларға:* | | | |
| | | | | Алматы қаласы | | | |
| | | | | Ядролық медицина және биофизика орталығын құру | 1 410 600 | | |
| | | 008 | | «Бурабай» геофизикалық обсерваториясын көшіру | 579 269 | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *оның ішінде инвестициялық жобаларға:* | | | |
| | | | | Ақмола облысы | | | |
| | | | | «Бурабай» геофизикалық обсерваториясын жаңа жерге көшіру | 579 269 | | |

»;

көрсетілген қаулыға 38-қосымшада:
реттік нөмірлері 30, 31-жолдарда:
4-баған мынадай редакцияда жазылсын:
«Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі»;
6-бағанда:
«006» деген сандар «003» деген сандармен ауыстырылсын;
«038» деген сандар «005» деген сандармен ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі осы қаулыға қол қойылған сәттен бастап он күн мерзімде 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарларға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізсін.

4. Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі осы қаулыға қол қойылған сәттен бастап он күн мерзімде 2012 – 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспарды бекітуге енгізсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1339 қаулысына қосымша

## 2012 жылға арналған республикалық бюджетті түзету

мың теңге

| ФТ | ББӘ | БҒД | Атауы | өзгерістер (+/-) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | II. Шығындар | 0 |
| 9 | | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану | 101 893 |
| | 233 | | Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі | -2 742 938 |
| | | 034 | Уран кеніштерін консервациялау және жою, техногендік қалдықтарды көму | - 70 791 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 038 | Қазақстан Республикасының аумағында радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету | - 591 875 |
| | | 044 | Ядролық сынақтар мониторингі | - 90 403 |
| | | 047 | Ядролық медицина және биофизика орталығын құру | - 1 410 600 |
| | | 049 | «Бурабай» геофизикалық обсерваториясын көшіру | - 579 269 |
| | 697 | | Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі | 2 844 831 |
| | | 001 | Атом энергиясын пайдалану кезіндегі қызметті үйлестіру және қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметтері | 99 130 |
| | | 002 | Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің күрделі шығыстары | 2 763 |
| | | 004 | Уран кеніштерін консервациялау және жою, техногендік қалдықтарды көму | 70 791 |
| | | 005 | Қазақстан Республикасының аумағында радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету | 591 875 |
| | | 006 | Ядролық сынақтардың мониторингі | 90 403 |
| | | 007 | Ядролық медицина және биофизика орталығын құру | 1 410 600 |
| | | 008 | «Бурабай» геофизикалық обсерваториясын көшіру | 579 269 |
| 11 | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 0 |
| | 233 | | Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі | - 537 690 |
| | | 006 | Технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | - 537 690 |
| | 697 | | Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі | 537 690 |
| | | 003 | Технологиялық сипаттағы қолданбалы-ғылыми зерттеулер | 537 690 |
| 13 | | | Өзгелер | -101 893 |
| | 233 | | Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі | -101 893 |
| | | 001 | Қазақстан экономикасының шикізаттық емес секторының бәсекеге қабілеттілігін және оның әлемдік шаруашылық байланыстары жүйесіне интеграциялануы, отандық тұтынушыны сапасыз өнімдерден қорғауды, елді мекендер мен аумақтарды орнықты дамытуды қалыптастыруды қамтамасыз ету жөніндегі, электр энергетикасы, геология, отын-энергетика кешені, көмір | - 99 130 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | өнеркәсібі, атом энергиясын пайдалану және туристік индустрия саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер | |
| | | 031 | Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің күрделі шығыстары | - 2 763 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК